

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



G•GLOBAL

Х Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ӘЛЕУЕТТІ МҮМКІНДІКТЕР НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ
ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ
ӘРТАРАПТАНДЫРУЫН ЖЕДЕЛДЕТУ»**

жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының

ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

I БӨЛІМ

15 маусым 2017ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых

**«УСКОРЕНИЕ ДИВЕРСИФИКАЦИИ И ПОВЫШЕНИЕ
КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
КАЗАХСТАНА НА ОСНОВЕ ПОТЕНЦИАЛЬНЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ»**

под эгидой X Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ I

15 июня 2017г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars

**«ACCELERATING DIVERSIFICATION AND IMPROVING THE
COMPETITIVENESS OF KAZAKHSTAN'S NATIONAL ECONOMY BASED
ON POTENTIAL OPPORTUNITIES»**

in the framework of the X Astana Economic Forum

PART I

15 June 2017

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 330.(063)
ББК 65.01
Ә53

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макъш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент Бабланов Т.К.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А., к.э.н., и.о. доцента Мусина К.П.

Ә53 Әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және әртараптандыруын жеделдету: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2017.

Ускорение диверсификации и повышение конкурентоспособности национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2017.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «Accelerating diversification and improving the competitiveness of Kazakhstan's national economy based on potential opportunities » Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2017.

ISBN 978-996-31-870-2
ISBN 978-9965-31-869-6

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату және әртараптандыру жеделдетудің және ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы диверсификации национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of Kazakhstan's national economy diversification based on potential opportunities and development of recommendations for improving the competitiveness of the country's economy.

ISBN 978-996-31-870-2
ISBN 978-9965-31-869-6

УДК 330.(063)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТҰРҒЫН ҮЙ НАРЫҒЫНЫҢ БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бержанова А.М., Чакетаева А.Ә.


Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: aigul_berjanova@list.ru, chaketaeva.aida@mail.ru

Халықтың тұрғын үй жағдайын жақсарту мәселесі әлемнің барлық елдерінде бар. Қазақстан үшін де тұрғын үй мәселесі аса маңызды.

Бүгінгі таңда Қазақстанда азаматтардың тұрғын үймен қамтамасыз етілуі 2006 жылдан бастап 20%-ға артқан. Және 2016 жылы бір адамның тұрғын үймен қамтамасыз етілуі 21 шаршы метрді құрады. Біріккен Ұлттар Ұйымының стандарттарына сәйкес бір тұлғаның өмір сапасын қамтамасыз ету үшін оған кем дегенде 30 шаршы метр тиесілі болуы тиіс. Біздің мемлекетіміз осы көрсеткіштер бойынша көрші ел Ресейден (24 шаршы метр), Белорусиядан (26 шаршы метр), Қытай Халық Республикасынан (31 шаршы метр), Германиядан (38 шаршы метр) және Америка Құрама Штаттарынан (69,7 шаршы метр), Ұлыбританиядан (76 шаршы метр) артта қалды [1].

Халық үшін тұрғын үйге қолжетімділікті айқындайтын негізгі факторлар тұрғын үйдің нарықтық бағасы мен тиісінше халықтың сатып алушылық қабілеті болып табылады.

Екінші реттік нарықтағы бағаның динамикасын 1-суреттен көруге болады. 2002 жылдың желтоқсанынан 2016 жылдың желтоқсанына дейін тұрғын үйдің 1 шаршы метрінің бағасы 9,5 мың теңгеден 190 мың теңгеге артқан. Бұл 2000% пайызға өскенін көрсетеді. Соңғы бес жылда тұрғын үй бағасы 172% артқан [2].



1 - Сурет – Екінші реттік нарықта тұрғын үй бағасының бағаның өзгеруі
Ескерту – [2] әдебиет негізінде құрастырылған

Бірінші реттік нарықта да бағаның жоғарлауы байқалады. 1-кестеден бастапқы тұрғын үй нарығында тұрғын үйдің 1 шаршы метрінің бағасы 2013 және 2016 жылдар аралығында 189,1 мың теңгеден 248,2 мың теңгеге дейін (1,3 есе) өскендігін көреміз. Әсіресе, Қазақстанның Астана (1 шаршы метр үшін 339,8 мың теңге), Атырау (325,8 мың теңге), Алматы (303,8 мың теңге), Ақтау (296,7 мың теңге) сияқты үлкен қалаларында баға өте жоғары.

Тұрғын үй нарығында бағаның өсуінің негізгі себептері:

- Ел ішіндегі саяси және экономикалық дағдарыстар;
- Халықтың ақша табыстарының өсуі;
- Тұрғын үйді ипотекалық несиелендірудің белсенді өсуі;
- Құрылыстың өзіндік құнының артуы мен қымбаттауы;

- Тұрғындардың баспанаға балама инвестиция үшін қаржы құралдарының болмауы және тағы да басқа себептер негіз болып табылады.

Кесте 1

Бірінші реттік нарықтағы тұрғын үйдің 1 шаршы метірінің бағасы

Жылдар	2013	2014	2015	2016
1 шаршы метр үшін баға, мың теңге	189,1	215,5	257,6	248,2
Өткен кезеңмен салыстырғанда, %	9,4	14,0	19,5	-0,6
Ескерту – [2] негізінде автормен құрастырылған				

Халықтың тұрғын үйге деген қолжетімділігі тұрғындардың табыс деңгейімен анықталады. 2-кестеден Қазақстан өңірлері бойынша соңғы үш жылдағы халықтың айлық жалақы мөлшерінің өзгерісін көре аламыз.

Кесте 2

Қазақстан өңірлері бойынша орташа айлық жалақы мөлшері

	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2014-2016 жж. өзгерісі	Ауытқуы, %
Қазақстан Республикасы	109 141	121 021	126 021	16880	115
Ақмола	79 127	85 412	89 176	10049	112,6
Алматы	81 596	89 283	90 445	8849	110,8
Атырау	192 356	221 664	225 121	32765	117
Батыс Қазақстан	98 360	108 223	116 798	18438	118,7
Жамбыл	76 742	81 874	85 298	8556	111
Қарағанды	99 339	107 821	113 905	14566	114,6
Қостанай	83 451	90 602	93 560	10109	112
Қызылорда	98 813	104 485	106 332	7519	107,6
Оңтүстік Қазақстан	78 705	81 166	92 960	14255	118
Павлодар	93 639	100 028	114 027	20388	121,7
Солтүстік Қазақстан	74 853	77 618	88 802	13949	118,6
Шығыс Қазақстан	90 263	96 361	108 438	18175	120
Астана қаласы	159 537	171 544	189 087	29550	118,5
Алматы қаласы	142 310	152 724	168 724	26414	118,5
Ескерту [2] – мәлеметтер негізінде құрастырылған					

Халықтың жан басына шаққандағы орташа айлық табыс деңгейін сараптай келе 2016 жылы 2014 жылғы қарағанда 1,15 есеге артқан.

Халықтың табысы мен алғашқы қажеттіліктерін қанағаттандыруын талдай келе халықтың басым көпшілігі тұрғын үй сатып алуға мүмкіншіліктері жоқ. Қазіргі таңда халықтың 60% жуығы тұрғын үйге мұқтаж. Халықтың тек 10-12% ғана өз қаражаттарымен тұрғын үй қажеттілігін қанағаттандыра алады.

Тұрғын үй мәселесі қазіргі қазақстандық қоғамның өзекті проблемаларының бірі болып қала бермек. Мемлекет тарапынан қабылданып жатқан шаралар ешқандай нәтижесіз және тұрғын үй нарығындағы жағдай сол қалпында. Тұрғын үй нарығындағы жоғары баға халықтың сатып алушылық қабілетін төмендетуде. Сонымен қатар ипотекалық несиелендіру

шарттары күрделендірілген: жоғары алғашқы салым мен кредиттік ставка мемлекеттік бағдарламалар бойынша тұрғын үй кезегінің баяу процесі және тағы да басқа жағдайлар.

Тұрғын үй нарығын талдау барысында қазіргі таңда тұрғын үй тапшылығы 23 миллионнан 25 миллион шаршы метр тұрғын үй алаңын құраған. Дегенменен де жылына 6 миллион шаршы метр баспана эксплуатацияға беріледі.

Егер жергілікті атқарушы мекемелерде кезекте 2013 жылы 196 795 адам тіркелсе, бұл көрсеткіш 2016 жылы шамамен 460 мыңға жуық. Кезекте тұрғандардың ішінде 90 жылдардың аяғы мен 2000 жылдардың басынан бері тұрғын үй кезегін күткен отбасылар саны аз емес. Тек Астана қаласының өзінде жылына 100-ге жуық әлеуметтік қорғалатын отбасы ғана мемлекеттік тұрғын үй қорынан баспаналы болады [3].

Көріп отырғанымыздай халықтың басым көшілігі үшін ипотекалық несиелендірудің қолжетімсіз екендігін байқаймыз. Сонымен қатар тұрғын үйдің нарықтық бағасы да жоғары деңгейде сақталып отыр.

Шетел тәжірибесіне сүйенсек, әлемдік тұрғын үй нарығында арендаға берілетін баспана құрылысы айтарлықтай кеңейтілген. Тұрғын үй құрылысында жетістіктерге жеткен жақын және алыс шетелдерде, әсіресе, Түркия, Польша, Ресей, Германия және Араб Әмірліктерінде жалға берілетін тұрғын үй құрылысы, жалдық тұрғын үй қорын құру және оны басқаруға көп көңіл бөлінеді. Арендаға берілетін баспана құрылысының мысалы ретінде Түркия мемлекетінің нарықтық жағдайда өзінің төмен және орташа табысымен баспаналы бола алмайтын адамдарға арналған ТОКі әлеуметтік бағдарламасы.

Осы мәселені шешуде мемлекет тарапынан 2012 жылы «Қолжетімді тұрғын үй – екі мың жиырма» бағдарламасы қабылданған болатын. Алайда, «Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасы шеңберінде де тұрғындардың тұрғын үйге қолжетімділігі артпады.

Оның басты себебі басшылықтың тұрғын үй бағдарламасының орындалуының тиімділігін талдауды жүргізбеуі және тұрғын үй бағасының артуы себептерінің анықталмауы. Оларды атап өтетін болсақ:

- Қаржылық құралдардың жетіспеушілігі;
- Құрылыс индустриясының және құрылыс материалы өндірісінің дамымауы;
- Халықтың басым бөлігі үшін қолжетімді тұрғын үй нарығының тапшылығы;
- Кезекте тұрғандар үшін әлеуметтік тұрғын үй жетіспеушілігі.

Сонымен қатар, тұрғын үй қатынастары саласындағы заңнамалар мен нормативтік-құқықтық негіздер жалға берілетін тұрғын үй мәселесін және жергілікті атқарушы органдар міндеттерін толыққанды реттемейді.

Соған байланысты келесі атқарылуы тиіс шараларды атап көрсетуге болады:

- Жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілігін күшейту;
- Инфрокұрылымы мен коммуникациясы қамтамасыз етілмеген жер учаскелерін тұрғын үй құрылысына берілуге тиым салу;
- Бір, екі, үш бөлмелі пәтерлерге сұраныс негізінде жоспарлау;
- Үйленгендеріне кем дегенде үш жыл болған және балалы 35 жасқа дейінгі жас отбасыларға жалға берілетін тұрғын үй шарттарын әзірлеу;
- Кезекте тұрған отбасылар санын төмендету мақсатында әлеуметтік және жалдамалы тұрғын үй қамтамасыз ету регламентін қайта қарау.

Қазақстандағы тұрғын үйлердің едәуір бөлігін ескі және апатты үйлерге жатады. Және олардың тұрғын үй қорындағы салмағы артып келеді. Ресми деректер бойынша салынғанына 30 жылдан асқан үйлер жалпы тұрғын үй қорының 62% құрайды [3].

Елде әлеуметтік тұрғын үй нарығының дамуын тежеуші бірқатар мәселелер бар. Әлеуметтік тұрғын үй нарығының дамуын тежеуші негізгі себептер: екінші реттік нарықта тұрғын үй бағасының өсуі; тұрғын үйге инвестицияның жоғары табыстылығы; салынып жатқан тұрғын үйлер үшін монополиялық жоғары баға; ипотекалық кредиттеудің тиімсіз жүйесі; тұрғын үй құрылыс жинақтау жүйесінің дамымауы; арендалық тұрғын үй нарығының дамымауы.

Әлеуметтік тұрғын үй ұсынысына келетін болсақ, онда республиканың бүкіл аумағында шамамен бірдей көрініс байқалады. Тұрғын үйдің басым бөлігі екінші реттік нарықта ұсынылады, сонымен қатар әлеуметтік тұрғын үй ұсынылатын бірінші реттік нарық нашар дамуда.

Әдебиет:

1. Мемлекет басшысы Н.Ә Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты халыққа жолдауы <http://www.akorda.kz>
2. ҚР Статистика жөніндегі агенттігі <http://www.stat.gov.kz>
3. Интернет ресурс: www.kn.kz

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН КӨТЕРУ МАҚСАТЫНДА ЭКОНОМИКАҒА ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тлесова Э.Б., Тулегенова Д.М.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: T.ilvira@mail.ru, tulegenova_dm@mail.ru

Әлемдік экономикада басым тенденция ретінде қарқынды дамып келе жатқан жаһандану халықаралық қоғамдастықта Қазақстан алдына жаңа шарттарға бейімделуді талап ететін стратегиялық міндет қойды. Бүгінгі таңда жаһандану - барлық мемлекеттер үшін, оның ішінде жас мемлекет Қазақстан үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын объективті және қайтарымызсыз үрдіс. Жаһандану әлемдік экономикада интернационализациялаудың жаңа кезеңі ретінде еліміздің ұлттық экономикасына елеулі пайда алып келеді, яғни бәсекеге қабілеттілігін арттыра түседі. Жаһандану елімізге заманауи телекоммуникациялық жүйелерге қосылуға, еліміздің трансұлттық корпорацияларын дамытуға, қаржылық және банк жүйелерін құрылымдық жаңартуға, инвестицияларды тартуға, алдыңғы қатарлы оқыту бағдарламалары арқылы халық сауаттылығын жоғарылату мүмкіндіктерін береді.

Жаһандану елімізге елеулі өзгерістер енгізетіндіктен, еліміздің бәсекеге қабілеттілігі де өзгеріске ұшырайды. Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі - қордың шектеулі жағдайында әлемдік экономикада белгілі бір орынға ие болуға мүмкіндік беретін мемлекет экономикасының маңызды бөлігі. Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын негізгі факторларға мыналарды жатқызуға болады:

- ел тұрғындарының өмір сапасының деңгейі;
- мемлекет облыстарының немесе аймақтарының толық бәсекеге қабілетті болуы;
- өндіріс көлемін және экспортқа бағытталған өнімдерді шығаруды дамыту;
- инновациялық даму;
- инвестицияларды тарту;
- жоғары технологияларды пайдалану.

Соның ішінде, елімізге инвестиция тарту, бәсекеге қабілеттілікті жоғарылатудың маңызды факторларының бірі болып саналады. Инвестицияларды экономикаға тарту ішкі жинақтардың және қаражаттардың жетіспеушілігінен құтылуға, өндірістің өсуіне, экспорттың жоғарылауына, импорттың төмендеуіне, тауарлық тапшылықтың қысқаруына және өндірісті ұйымдастырудың тиімділігін жоғарылатуға көмектеседі. Қазіргі кезде, инвестициялардың нақты тиімділігі жұмыс орындарының көбеюінен, жаңа өндірістердің пайда болуынан, еңбек өнімділігін арттыру үшін жағдайдың жақсаруынан көрінеді. Сондықтан еліміздің инвестиция саласын одан әрі жетілдіру мәселесінің маңызы артуда. Қазіргі таңда шетелдік инвестицияларды елдің экономикасына тартудың әр түрлі жолдарын қарастыру алға шығуда. Нарықтық экономика жағдайында инвестициялау мүмкіндіктері өте көп.